

Ұйымдастыру	Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, сабаққа дайындықтарын қадағалау	Кезекші сабақта жоқ оқушыларды баяндайды. Сабаққа қажетті құралдарын дайындайды	1 минут
Психологиялық дайындық	Аспан шайдай ашылып, Күннің нұры шашылып. Ақпанның 8-і сәрсенбісі сәтті күн, Қонақтар келді бізге бүгін. Орнымыздан тұрайық, Амандасып алайық. (Сәлеметсіздер ме!)	Орындарынан тұрып амандасады.	1 минут
Топқа бөлу	Оқушыларды түрлі түсті қағаздан жасалған қызғалдақ, сарғалдақтар арқылы 2 топқа бөлу.	Әр оқушы өзіне ұнаған қызғалдақты немесе сарғалдақты алу арқылы екі топқа бөлінеді және топ басшыларын сайлайды. I топ: Қызғалдақтар II топ: Сарғалдақтар	1 минут
Үй тапсырмасын сұрау	Әр оқушыға өз жапырақтарындағы сұрақтарға жауап беруді бұйырамын Сұрақ-жауап әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау. (сынықтан өткізу, түрткі болу, қайта бағыттау техн.) 1. Жоларалық интервалдың түрлері және оны қалай өзгертеміз? 2. Word бағдарламасын қалай іске қосамыз? 3. Word бағдарламасының терезе элементтері? 4. Құжатты ашу, сақтау командасы? 5. Құжатқа символды кірістіру командасы? 6. Қаріптің түрін, өлшемін өзгерту командасы? 7. Тізімнің түрлері қандай және оны қалай құрамыз?	Сұрақтарға жауап береді және әр топ оқушылары қарсы топ оқушыларына сұрақ қою техникалары бойынша сұрақтар қояды және қарсы топтың жауаптарын толықтырып отырады.	5 мин
Жаңа білімді меңгертуге дайындық	Сөзжұмбақ шешу: 1. Осы тапсырманың бүгінгі сабақпен қандай байланысы бар деп ойлайсыңдар? 2. Сабағымыз не туралы болуы мүмкін? 3. Кесте дегеніміз не? -Проблемалық жағдай тудыру	Сөзжұмбақтың сұрақтарына жауап береді және жауабын жаза отырып жаңа сабақтың тақырыбы мен мазмұнын ашады.	2 мин
Жаңа сабақты түсіндіру	Сабақтың тақырыбын, мақсатын баяндау. Оқушыларға оқулықтан және ғаламтор беттерінен алынған мәліметтер беру. Интерактивті тақта арқылы Word бағдарламасында кесте құру жолдарын түсіндіру. Термин сөздер мен кесте құру командаларын дәптерге жаздыру. Оқушылардың жаңа тақырыпты қаншалықты түсінгендерін білу мақсатында жаңа тақырып бойынша сұрақтар қою.	Зейін қойып тыңдайды. Оқулықты және таратпа қағаздарды оқиды. Топ ішінде талқылайды, түйінді сөздерді дәптерлеріне жазады. Мұғалім сұрақтарына жауап береді, бір-бірлерінің жауаптарын толықтырады.	10 мин
Сергіту сәті	Тұрады ол жолдармен бағандардан, Және тұрар ұяшықтар ағымынан Кәне ойланып көрейік ол не екен? Баған менен жолдарды қиылыстырған Кестенің бір негізгі элементі Көлденең ұяшық құру қызметі Ұяшық емес, баған емес ол не екен? Кестенің негізгі болған қызметі Тіктөртбұрышқа ұқсайды, Елемей кетуге болмайды, Баған менен жолдардың қиылысы Кестеде қай элементті құрайды?	Оқушылар жұмбақты шешеді және жауабын үш тілде айтады Кесте Таблица Жол Строка Ұяшық Ячейка	2 мин

Жаңа сабақты бекіту	Оқушылардың дербес компьютерлерге отырғызып тақырып соңындағы А, В, С деңгейлі тәжірибелік жұмысты орындауға нұсқау беру	Word бағдарламасында деңгейлік тапсырманы орындап, өз шығармашылықтары бойынша жұмыстар жүргізеді	10 мин
Қорытындылау	сайты арқылы құрылған сәйкестендіру тест сұрақтарын және оны орындауларын бақылау. Жаңа сабаққа байланысты қосымша сұрақтар қою.	Тапсырмаларды жеке-жеке орындайды, тест соңында жауаптарымен танысады. Қосымша сұрақтарға жауап береді.	5 мин
Бағалау	Топ жетекшілерінің өз тобындағы білімін бағалауын тындау, оқушылардың білімін бағалау.	Топ жетекшісі топтағы оқушылардың қорытынды балын шығарады және тақтадағы бағалау критерилері бойынша баға қояды	2 мин
Үйге тапсырма Кері байланыс	Кестелер. Кестелер құру тақырыбын оқу, және конспект жазу. Стикерге бүгінгі сабақ бойынша ой-пікірлерін жаздыру. Не ұнады _____ Не ұнамады _____ Не үйрендім _____	Кітаптарына және күнделіктеріне тапсырманы белгілейді Стикерге бүгінгі сабақ туралы ой-пікірлерін жазады.	1 минут

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.